- **20-тармақтың 4) тармақшасының сақталуы (тәрбиеленушілерге ағымдағы медициналық бақылау жүргізуді, иммундауды және профилактикалық тексерулерді аумақтық алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастыру жөніндегі қызметтің үлгілік қағидаларына сәйкес)**

Шағын орталық тәрбиеленушілерінің медициналық тексеруден өтуі

Шағын орталық тәрбиеленушілерінің медициналық тексерулері орталықтандырылған түрде, тіркелген учаскесі бойынша, Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Арқалық өңірлік ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында (КМК) өткізіледі.

Бұл тексерулер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 20 желтоқсандағы №264 бұйрығына сәйкес жүргізіледі — «Мақсатты топтар, соның ішінде мектепке дейінгі, мектеп жасындағы балалар, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары үшін медициналық тексерулер жүргізу қағидаларын, көлемін және мерзімділігін бекіту туралы».

Жыл сайын оқу жылының басында балалар №052-2/у нысанды «Баланың денсаулық паспорты» және алғашқы медициналық-санитариялық көмек дәрігерінің (ВОП) медициналық тексерістен өткендігі және шағын орталыққа қабылдауға рұқсат берген белгісі бар құжат болған жағдайда ғана қабылданады.

Жыл ішінде қосымша келіп жатқан балалар да тек №052-2/у нысанды «Баланың денсаулық паспорты» мен жалпы практикалық дәрігерінің рұқсаты болған жағдайда қабылданады.

Шағын орталық тәрбиеленушілеріне вакцинация жүргізу

Шағын орталық тәрбиеленушілеріне вакцинация жасы бойынша, тіркелген учаскесі бойынша, Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Арқалық өңірлік ауруханасы» КМК-де орталықтандырылған түрде жүргізіледі. Бұл шара Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Санитариялық қағидаларды бекіту туралы №150 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады . Профилактикалық екпелерді ұйымдастыру және жүргізу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар». №065/у нысанды «Профилактикалық екпелер картасы» тіркелген учаскеде, яғни жоғарыда аталған медициналық ұйымда орталықтандырылған түрде сақталады.

Мектеп директоры Н.Ахатов